

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

6 (412)

NOVEMBER – DECEMBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 6. Number 412 (2024), 187–198
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.863>

ӨОЖ 378
ГРПТИ 14.35.07

©L.E. Sapartayeva*, Sh.M. Maigeldiyeva, 2024.

Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan.

E-mail: lsapartayeva@mail.ru

PECULIARITIES OF TEACHING FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS THE WORKS OF SYRDARYA POETS

Sapartayeva Lazzat Egizbaevna – master of Pedagogical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, mail: lsapartayeva@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6272-0723>;

Maigeldieva Sharban Mussabekovna – doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: sharban56@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7453-2662>.

Abstract. One of the important issues is the cardinal renewal of the scientific and methodological system for providing vocational education for primary school teachers in the higher education system. To do this, it is necessary to form a professional personality of a competitive specialist who is able to meet the needs of modern society using new technologies.

The article tells about the importance of teaching the works of the Zhyrau poets of the Syrdarya region in the professional training of future primary school teachers and summarizes with specific examples. The importance of familiarizing future primary school teachers with the rich aesthetic, intellectual, artistic, emotional, moral and civic education, which is mentioned in the works of the poets, is emphasized.

The author argues that by studying the works of poets and zhyrau, future teachers will be able to gain valuable insight into the cultural and historical context of the Syrdarya region, as well as increase respect for the language and literature of the region. The works of poets are also a rich source of material for familiarizing students with the values and traditions of their native land, which contributes to their spiritual and moral development. At the same time, he shares his opinion on the cognitive, educational significance of teaching the developed program of the special course. This suggests that future primary school teachers will have a great influence on the development of not only creative abilities, but also theoretical ideas.

A future primary school teacher should pay attention to the issues of literature assessment among his students. To achieve this goal, the author suggests using modern methods and techniques for studying works of art, such as active reading, text analysis and collaborative learning. These methods help students to delve deeper

into the material and understand the works of poets and poets more deeply. The author summarizes the article that the works of the poet zhyrau play an important role in the development of culture and spirituality of the Kazakh people.

Keywords: the method of researching the work of art; education; poet-storytellers; primary school teacher.

©Л.Е. Сапартаева*, Ш.М. Майгельдиева, 2024.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

E-mail: lsapartayeva@mail.ru

СЫР БОЙЫ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Сапартаева Лаззат Егизбаевна – педагогика ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: lsapartayeva@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6272-0723>;

Майгельдиева Шарбан Мусабековна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: sharban56@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7453-2662>.

Аннотация. Жоғары білім беру жүйесінде бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Ол үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, қазіргі қоғамның сұранысына жауап бере алатын бәсекеге қабілетті маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыру керек.

Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда Сыр бойындағы ақын-жыраулардың шығармаларын оқытудың маңызы туралы айтылып, нақты мысалдармен түйінделеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақындар шығармаларында айтылатын бай эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, эмоционалдық, адамгершілік және азаматтық тәрбиемен таныстырудың маңыздылығы атап көрсетіледі.

Авторлар ақын-жыраулар шығармаларын зерттей отырып, болашақ мұғалімдер Сыр өңірінің мәдени және тарихи контексті туралы құнды түсінік ала алады, сондай-ақ аймақтың тілі мен әдебиетіне деген құрметі артады деп тұжырымдайды. Ақындар шығармалары сонымен қатар білім алушыларды туған өлкесінің құндылықтарымен, дәстүрлерімен таныстыру үшін бай материал көзі болып табылады, бұл олардың рухани және адамгершілік дамуына септігін тигізеді. Осы ретте құрастырылған арнайы курс бағдарламасын оқытудың танымдық, тәрбиелік мәні туралы пікірлерімен бөліседі. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілетінің ғана емес, теориялық ой-пікірлерінің дамуына да зор ықпалы болатынына тоқталады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқушыларының бойындағы әдебиетті бағалау және жоғары оқу талғамын тәрбиелеу мәселелеріне назар аударуы керек.

Осы мақсатқа жету үшін автор белсенді оқу, мәтінді талдау және бірлесіп оқыту сияқты көркем шығармаларды зерттеудің заманауи әдістері мен тәсілдерін қолдануды ұсынады. Бұл әдістер білім алушыларға материалға тереңірек үнілуге және ақын-жыраулар шығармаларын тереңірек түсінуге көмектеседі. Авторлар мақаласын Сыр бойы ақын-жырауларының шығармалары қазақ халқының мәдениеті мен руханиятын дамытуда маңызды рөл атқарады деп қорытады.

Түйін сөздер: көркем шығарманы зерттеу әдісі, тәрбие, ақын-жыраулар, бастауыш сынып мұғалімі.

©Л.Е. Сапартаева*, Ш.М. Майгельдиева, 2024.

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

E-mail: lsapartayeva@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ТВОРЧЕСТВУ ПРИСЫРДАРЬИНСКИХ ПОЭТОВ

Сапартаева Лаззат Егизбаевна – магистр педагогических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: lsapartayeva@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-6272-0723>;

Майгельдиева Шарбан Мусабековна – доктор педагогических наук, профессор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: sharban56@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7453-2662>.

Аннотация. Одним из важных вопросов является кардинальное обновление научно-методической системы обеспечения профессионального образования учителей начальных классов в системе высшего образования. Для этого необходимо сформировать профессиональную личность конкурентоспособного специалиста, способного отвечать запросам современного общества с использованием новых технологий.

В статье рассказывается о важности преподавания произведений поэтов-жырауов Сырдарьинского региона в профессиональной подготовке будущих учителей начальных классов и резюмируется на конкретных примерах. Подчеркивается важность ознакомления будущих учителей начальных классов с богатым эстетическим, интеллектуальным, художественным, эмоциональным, нравственным и гражданским воспитанием, о котором говорится в произведениях поэтов.

Автор утверждает, что, изучая произведения поэтов и жырау, будущие учителя смогут получить ценное представление о культурном и историческом контексте Сырдарьинского региона, а также повысят уважение к языку и литературе региона. Произведения поэтов также являются богатым источником материала для ознакомления обучающихся с ценностями, традициями родного края, что способствует их духовному и нравственному развитию. При этом делится мнением о познавательном, воспитательном значении обучения

разработанной программы спецкурса. Это говорит о том, что будущие учителя начальных классов будут иметь большое влияние на развитие не только творческих способностей, но и теоретических идей.

Будущий учитель начальных классов должен обратить внимание на вопросы оценки литературы у своих учеников. Для достижения этой цели автор предлагает использовать современные методы и приемы изучения художественных произведений, такие как активное чтение, анализ текста и совместное обучение. Эти методы помогают обучающимся глубже погрузиться в материал и глубже понять произведения поэтов и поэтов. Автор резюмирует статью, что произведения поэтов Сырдарьинского региона играют важную роль в развитии культуры и духовности казахского народа.

Ключевые слова: метод исследования художественного произведения, воспитание, поэт-сказители, учитель начальных классов.

Кіріспе. Жоғары білім беру жүйесіндегі жаңа талаптар еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатыса алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлға даярлауды мақсат етеді. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, жаңа технологияларды пайдалана отырып, қазіргі қоғамның сұранысына жауап бере алатын маман қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы «Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады» деген сөзін басшылыққа алар болсақ, болашақ мұғалімдердің теориялық-әдіснамалық, әдістемелік, кәсіби даярлығының сапасын арттыруда өлкелік әдеби мұраның тәлімдік бай саласы – Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығын оқытудың маңызы зор. Өйткені бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін өңірлік әдебиеттің жауһарларын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу үдерісінде тиімді пайдалану ұлттық мәдениет пен өнер мұрасын жинауға және сақтауға, сондай-ақ оны әлемге насихаттауға мүмкіндік береді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген, ұлттық сөз өнеріне баға жетпес үлес қосқан, қазақ фольклоры мен ауызша поэтикалық поэзияны Шығыс классикалық әдебиетінің дәстүрлерімен байланыстыратын бұл өнерпаздардың әдеби мұрасы ұлттық рухани мәдениеттің көркемдік мұрасы болып табылады. Олай болса, Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларындағы үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге қатысты мәселелерді болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби тұлғасын даярлауда да тәрбие көзіне айналдыратын мезгіл жетті.

Материалдар мен әдістер

Шығыс әлемінің рухани ұстазы әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп

адам тәрбиесінің орасан маңызды іс екендігін айтқан еді (Әбдікәрімұлы, 2008). Тәуелсіздігіміз тұғырына қонған ширек ғасырда рухани құндылықтарымызды насихаттап, келешекте ел тізгінін ұстар жастарды ұлт мұрасы арқылы тәрбиелеу мәселесі жолға қойылуда.

Тәрбиенің бастау бұлағы халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған әдеби-мәдени мұрасында жатыр. Жоғарыда аталған ұлы дала тұлғаларының адамгершілік, гуманистік, ағартушылық идеяларын Сыр бойының ақын-жыраулары да жалғастырып, үлгі-өнегеге, тәлім-тәрбиеге қатысты жауһар жырларын төкті. Балқы Базар, Тұрмағанбет, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Бұдабай Қабылұлы, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нұртуған секілді жыр жампоздарының шығармалары бүкіл тәрбие жүйесінің негізгі сипаттарына сай келеді. Артына өсиеттік мәні бар ақыл-нақылдар жазып қалдырған осынау өнер иелерінің шығармаларын болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне меңгерту ұлт болашағының қамын жеу деген болар едік. Өйткені, білім негізі, ұлт негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Осы орайда белгілі ғалым Б. Кәрібозұлының «Халқымыздың орасан зор адамгершілігімен, үлкенге деген құрметімен, кішіге ізетімен, қонақжайлылығымен, ақыл-парасатымен, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен, көрегендігімен ерекшеленетін салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын, мол мәдени, рухани мұраларын сақтап, оны заман өткен сайын еселеп жаңғырта түсетін қырларын жастарға ұғындыра білім беруді негіздеу қажеттігі айқын. Жаһандану кезеңінде халқымыздың осындай асыл қасиеттерін білім беру үрдісіне енгізу арқылы білім алушының өзіндік ұлттық қасиетін сақтап қаларымыз анық» деген пікірін айта кеткеніміз орынды (Кәрібозұлы, т.б., 2019).

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу мәселесі біздің қоғамда маңызды және өзекті болып табылады. Негізгі аспектілердің бірі – мәдениеттің, соның ішінде әдебиеттің эстетикалық талғамы мен түсінігін қалыптастыру. Ақындар мен жазушылардың шығармаларын зерттеу білім алушыларға олардың жан-жақты дамуына айтарлықтай көмектеседі.

Білім алушылардың пәндерді, соның ішінде аймақтық әдебиетке арналған пәндерді таңдау мүмкіндігі болуы маңызды. Мұндай пәндер тарих бойы ақындар мен жазушылардың шығармашылығы туралы ақпаратты, оның ішінде адамгершілік, адалдық, әділдік, шындық, достық және т.б. мәселелері бойынша идеялары мен ойларын қамтуы тиіс. Алайда әдебиетті зерттеу тек оның мазмұнымен шектелмеуі керек. Білім алушылардың оны кең мәдени контексте түсінуі маңызды. Бұл дегеніміз – оқытушылар тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдануы керек, Осылайша білім алушылар көркем шығармаларды жақсы қабылдап, білімдерін тереңдете алады. Мысалы, оқытушылар білім алушыларға әдеби шығармаларды талқылауға және талдауға мүмкіндік беру үшін пікірталастар мен диспуттар сияқты интерактивті оқыту әдістерін қолдана алады. Сонымен қатар білім алушылар әдебиетке қызығушылық танытатын басқа адамдармен сөйлесе алатын әдеби кештер мен клубтар өткізуге болады.

Әдебиетті зерттеу білім алушыларға эстетикалық талғам мен мәдени білім беруді дамытуға ғана емес, сонымен қатар адамгершілік мұраттарды дамытуға да көмектесетінін атап өткен жөн. Көптеген әдебиеттер мораль, этика және адами құндылықтар мәселелеріне жүгінеді. Мұндай шығармаларды зерттеу білім алушыларға осы мәселелерді жақсы түсінуге және өздерінің моральдық компасын дамытуға көмектеседі.

Соңында әдебиетті зерттеу білім алушылар әдебиет туралы білім алып қана қоймай, сол білімді іс жүзінде қолдана алатындай етіп ұйымдастырылуы керек екенін ескеру қажет. Бұл білім алушыларға эссе жазуға, шығармаларды талдауға және өз ойлары мен идеяларын жазбаша түрде білдіруге мүмкіндік беру керек дегенді білдіреді. Сонымен қатар әдебиетті зерттеу тарих, философия, өнер және т.б. сияқты басқа пәндерді қамтитын кеңірек оқу бағдарламасының бөлігі болуы маңызды.

Сонымен қатар білім алушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру және оқу процесін жеңілдету үшін оқытушылар аудио және бейнежазбалар, интерактивті оқу платформалары және онлайн ресурстар сияқты әртүрлі заманауи технологияларды пайдалана алады. Мұндай құралдар білім алушыларға мәтіндерді жақсырақ түсінуге, олардың мазмұны мен контекстіне тереңірек үңілуге және оқу процесін қызықты етуге көмектеседі. Сондай-ақ әдебиетті зерттеу тек мәтіндерді үстірт талдау деңгейінде ғана емес, сонымен қатар терең түсіну мен түсіндіру деңгейінде де жүргізілуі керек екенін есте ұстаған жөн. Оқытушылар білімді жеткізіп қана қоймай, білім алушыларға сыни және аналитикалық дағдыларын, әдеби шығармаларды, сондай-ақ өз ойлары мен идеяларын талдау және түсіндіру қабілетін дамытуға көмектесуі керек. Соңында әдебиетті оқу оқу бағдарламасының міндетті элементі ғана емес, сонымен қатар білім алушылар үшін шынайы хобби мен рахат болуы керек екенін атап өту маңызды. Әдебиет интеллект пен мәдениетті дамытудың құралы ғана емес, сонымен қатар ой-өрісті кеңейту, өмірді байыту және жеке өсу тәсілі бола алады.

Жалпы әдебиетті зерттеу білім берудің маңызды аспектісі болып табылады және білім алушыларға олардың жан-жақты дамуына көмектеседі. Алайда, оның тиімді болуы үшін оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану, пікірталастар мен клубтарды ұйымдастыру және оны кеңірек оқу бағдарламасына біріктіру қажет.

Қазіргі әдебиетті оқытудың әдістемесі үш негізгі әдістерді белгілейді, атап айтсақ:

1. Шығармашылық қабылдау әдісі (шығармашылық оқу әдісі). Оның мақсаты: күшті және ұзаққа созылған көркемдік әсерге ықпал ету, содан кейін ол үнемі тереңдей түседі (түсініктеме, қысқаша әңгіме арқылы үзілуі мүмкін).

2. Талдау-түсіндіру (талдау-интерпретациялау, іздеу, зерттеу) әдісі. Оның мақсаты: негізінен әдеби шығармаға тереңірек ену.

3. Синтездеу әдісі (қос аспектіні жүзеге асырады: әдебиетті оқытуда және өнер мен ғылымда). Оның мақсаты: жұмыстың соңғы кезеңіндегі білім

алушылардың жан-жақты ақыл-ой белсенділігі, олардың шығармашылық белсенділігінің жоғары дәрежесін талап ету (Байтанасова, т.б., 2008).

Осы аталған әдістерді әдеби шығарманы зерттеудің барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Алайда шығармашылық қабылдау (шығармашылық оқу) әдісі көбінесе шығарманы зерттеудің бірінші және екінші кезеңдерінде қолданылады, талдау – түсіндіру – негізінен екінші, синтездеу – негізінен үшінші фазада. Оқытушы қолданған әрбір әдіс студенттің тиісті іс-әрекет түрімен байланысты болуы керек. Сол себептен білім алушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын қалыптастыру сынды мәселелер Сыр бойында жасаған шайырлардың шығармаларын білім алушыларға оқыту барысы кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Нәтижелер. Мақаламызда айтылған ойлардың өзегін ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударып, ой-өрісінің дамуын, эстетикалық талғам биігінен көрінуін шығармаларына арқау еткен Сыр бойының ақын-жырауларының шығармаларынан алынған мысалдармен қорытамыз. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда өнер өкілдерінің шығармашылық мұрасын дәйекті мысалдармен түйіндеу нәтижелі болмақ.

Атадан балаға мұра болып келе жатқан жыраулық дәстүр арқылы жақсылық, ізгілік туын жоғары көтеріп, жастарды білімге ұмтылуға, адамгершілікке, гуманизмге, еңбек етуге үндейтін толғау-термелерін қалдырды.

Сыр еліндегі жыр күмбезін салысуға ақындық дарынын сарқа пайдаланған Шораяқтың Омары өзінің толғау-термелерінде ғибратты өсиеттер айтады. «Баласы Шайхыға өсиеттері» деген шығармасында мынадай жолдар бар:

Шырағым, «шын» менен «йа», саумысың «хи»?

Басыңнан бақ-дәреже, таймасын күй.

Парықсыз, ақпақұлақ ақымақ болмай,

Табылса нұсқалы сөз көңіліңе түй (Шораяқтың Омары, 2009).

Ақын жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа ұмтылдырады. Дүниенің паркын түсіндіреді. Жастардың жан дүниесіне, ақыл-сезіміне қозғау салады. Адам жанының рухани жетілуі жиған-терген біліміне байланысты екендігін сөз етеді.

Білімге ұмтылу өз қолында екендігін айта келіп, талайлардың даурығып, ілімсіз босқа жүргенін ескертеді. Білімдінің күні келе жатқанын, өнерлінің өресі әр кезде жоғары болатынын айтады.

Жасыңнан базар жайға барып тұрсың,

Өнердің порасын қой, жібегін жи...

«Елде де талай адам жүр ғой» деме,

Ілімсіз іске аспайды дәркілдек би (Шораяқтың Омары, 2009).

Жеті жыл Сейфілмәлік те дария кешкен,
Жігітті һақ жеткеред әр мүддаға.
Ықпалы ілімдінің зият болмақ,

Үлестен кезіндегі ал сыбаға! (Шораяқтың Омары, 2009) – деп өмірден дер кезінде сыбағасын алып қалу керек екендігін еске салады. Абайша айтқанда, «қолыңды мезгілінен кеш сермеме», тәуекел етсең, мұратқа жету Алланың қолында дегенді меңзейді.

Ақын алтын мен жезді ажырата алмайтын надандықтан сақтандырып, алаш зиялыларын үлгі етеді. Сабырлы болуға шақырады.

Іліммен байтақ елге басшы болған
Алаштың ал жадына ұлы-қызын...
Наданға оқымаған бәрі де жең,
Сарының қайдан білсін алтын, жезін.
Әр істің ақырын күт сабырлықпен,
Саналы саңлақтардың ет мінезін (Шораяқтың Омары, 2009),– дейді.

Сыр сүлейлерінің көрнекті өкілдерінің бірі Ә. Егізбаев «Дат» дастанында адамгершілікке баулу, зұлымдықты әшкерелеу мәселелері көтерілген. Ақын кісіге қиянат жасамау, дүниеқорлық пен жауыздықты масқара ету позициясын ұсынады. Дастан соңында ақын:

Тарихтан болашаққа үлгі қалсын,
Іс жайын естігендер үлгі алсын.
Досқа қас кім ойласа, басына тас,

Тарихта өшпес таңба, белгі салсын (Дастандар, 1990),– деп ой түйеді. Ақын шығармаларында шығыс әдебиетіндегі таза, кіршіксіз, әдепті, өнегелі, адал болуды үлгі ете жырлау, оны бұзғандардың жазасын беріп, әшкерелеу сияқты көріністер жиі кездеседі.

Ақынның адамгершіліктің биік нысанасы – шын достық, ауызбірлік, ынтымақ тақырыбында жырлаған «Мақсұт» дастаны да насихатпен басталады:

Өтіпті бізден бұрын талай халық,
Әркім өтер, артында қалар тарих.
Тұрмайды өмір өшпей, дәуір көшпей,
Кейінге жақсы істерің жатар барып (Дастандар, 1990).

Ақын дүниенің өткіншілігін, дәулеттің тұрақсыздығын ескертеді. Халыққа әділ болсаң, оның өтеуі болады, адамның артықшылығы дәулетіне байланысты емес, адалдығына байланысты деген идеяны насихаттаған ақын шығармасы «әкім бол, халқыңа жақын бол» деген ойды өзек етеді.

Сыр бойы ақын-жырауларының көпшілігінің шығармаларындағы нақыл-өсиеттің түпкі ниеті халыққа адал қызмет ету деген түйінге тіреледі. Белгілі шайыр Тұрмағанбеттің ойынша, адам білімді, ақылды, өнерпаз, ыждағатты, ел-жұртына берілген жағдайда ғана адам деген атқа лайық. Адам өнер-білімге

өзінің жас шағынан бастап икемделеді, тәрбие мен білім, өнер адам бойына бірден емес, бірте-бірте сіңеді. Ақын ұсынар ойлардың төркіні де осындай.

Болсаңдар, балаларым, хатқа ұста,
Төрден жай аласыңдар, тұрмай тыста.
Төр түгіл, төменнен де тимейді орын,
Жүрсеңдер жалқаулықпен жазы-қыста.
Өнерді осы кезден үйреніңдер,
Көңілді жарыстырмай ұшқан құсқа.
Жалқаулық қалайда да бола берер,
Жас жетіп, ұлғайғанда алған нұсқа (Ізтілеуов, 1972).

Уақытты босқа өткізбей, білім ал дегенді айтады ақын. Білімдінің орны қашанда төрде екендігін нұсқайды. Өз білімін халқының қажетіне жұмсаудың зор бақыт екендігін сөз етеді.

